

## ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

**«Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша**

Қызылорда қаласы

2026 жылғы «30» маусым

### **КІРІСПЕ БӨЛІМІ:**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, «Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (әрі қарай – Білім беру ұйымы) құрылымдық бөлімдерінің қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды «Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 29.05.2026 ж. №25-ж/қ-3 бұйрығымен Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі» КМҚК-ның қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды ұйымдастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясына жауапты комплаенс-офицері Мұхамедхалилов Көркем Матуллаұлына жүктелді.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдаумен 2026 жылдың қаңтар-маусым айлары қамтылды.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылдың 01-30 маусым аралығында жүргізілді.

6. Колледж директоры Б.Сүлейменов топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

### **СИПАТТАМА БӨЛІМІ:**

#### **I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:**

- 1) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік – құқықтық актілерде (Әрі қарай НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Білім беру ұйымының құрылымдық бөлімдерінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Білім беру ұйымы құзіреті шегінде техникалық және кәсіптік білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асырады. Білім беру ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заңы және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай – ақ, Қызылорда облысының білім басқармасының «Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысы мен ішкі тәртіп ережесіне сәйкес іске асырылады.

Білім беру ұйымында 7 құрылымды бөлімше жұмыс жасайды:

- Оқу жұмыстары бөлімі;
- Тәрбие жұмыстары бөлімі;
- Оқу-өндірістік жұмыстары бөлімі;
- Оқу –әдістемелік жұмыстары бөлімі
- Кадр бөлімі;
- Шаруашылық жұмыстары бөлімі;
- Есеп-қисап бөлімі;

Мекен – жайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы Шиелі кенті КТУ-11 көшесі №3 үй

**II. Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметіне, оны ұйымдастыру – басқару қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер (НҚА) мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Кодекстерді, Заңдарды, нормативтік-құқықтық актілерді, бөлімдер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өз қызметінде төмендегі НҚА пайдаланылады:

**III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.**

1.Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 23.11.2015 жылғы №414

2.Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы

3.Педагог мәтебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293 VI ҚРЗ

4.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 Заңы

5.Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік степендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және лоардың мөлшерлерін бекіту туралы Қазақстан Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы

6.Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне

еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасын Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы

### **3.1. Кадрлық құрам бойынша.**

#### **2026 жылы жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен:**

Кәсіпорының 2026 жылы бекітілген құрылымға сәйкес штаттық бірлік бойынша- 116 қызметкер; Оның ішінде қызметкерлер саны-8.

Кәсіпорын директоры-1

Орынбасарлар-3

Бухгалтер-1

Педагог-психолог-1

Кадр инспекторы-1

Хатшы-1

Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бойынша 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 61 педагог-оқытушы жұмыс жасайды. Жоғары білімді –61, «Магистр» дәрежесі бар – 5 педагог, Педагог-шебер-0, «Педагог-зерттеуші» - 1, «Педагог-сарапшы» - 9, «Педагог-модератор» -34.

**Тәртіптік жауапкершілікке байланысты.** Тәртіптік шаралар бойынша 2026 жылдың қаңтар-маусым айлары бойынша 9 қызметкерге тәртіптік шара қолданылды. Атап айтқанда:

1. 20.01.2026 жылғы №1-Ж/Қ-3 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 бабына сәйкес SmartNationCollege порталының электронды журналын толтыру барысында 2 рет қателікке жол бергені үшін Б.Жұмаділдаевке «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза берілді.

2. 20.01.2026 жылғы №1-Ж/Қ-3 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 бабына сәйкес SmartNationCollege порталының электронды журналын толтыру барысында қателікке жол бергені үшін М.Каражановаға «ескерту» түрінде тәртіптік жаза берілді.

3. 20.01.2026 жылғы №7-Ж/Қ-3 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 бабына сәйкес бекітілген сабақ кестесі бойынша Қазақстан тарихы пәні сабағына бекітілген сабақ жоспарынсыз кіргені үшін С.Меіірбекке «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза берілді.

4. 09.02.2026 жылғы №7-Ж/Қ-3 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 бабына сәйкес сабаққа 10/он/ минут кешігіп келгені үшін К.Издинаға «ескерту» түрінде тәртіптік жаза берілді.

5. **Қуандық Жалғасбек Ерғалиұлы**, директордың оқу-өндіріс жұмысы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушыға, 2025-2026 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысымен арнайы және өндірістік пәндер бойынша II курс оқу топтары білімалушыларына, College SmartNation электронды журналында 100% үлгерім көрсеткішін беріп, ал 16.01.2026 жылғы Педагогикалық кеңес отырысының № 2 санды хаттамалық шешімімен берілген 20.01.2026 жылғы № 2-ж/қ-3 санды бұйрығы мен бекітілген жоспарға сәйкес, 2025-2026 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы бойынша 26.01.2026-10.02.2026 жыл аралығындағы II курс оқу топтарынан кәсіптік және базалық модульдер бойынша алынған ағымдағы бақылау жұмыстарының қорытындысында білімалушыларының үлгерім көрсеткішінің төмен пайызды көрсетуіне байланысты, жоғарыда аталған кемшіліктерді мерзімінде қадағаламағандығы үшін «сөгіс» тәртіптік жазасы берілді.

6.Култаева Арайлым, директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарына, 2025-2026 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысымен жалпы пәндер бойынша I курс оқу топтары білімалушыларына, College SmartNation электронды журналында 95%-100% үлгерім көрсеткішін беріп, ал 16.01.2026 жылғы Педагогикалық кеңес отырысының № 2 санды хаттамалық шешімімен берілген 20.01.2026 жылғы № 2-ж/қ-3 санды бұйрығы мен бекітілген жоспарға сәйкес, 2025-2026 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы бойынша 26.01.2026-10.02.2026 жыл аралығындағы I курс оқу топтарынан алынған ағымдағы бақылау жұмыстарының қорытындысында білімалушыларының үлгерім көрсеткішінің төмен пайызды көрсетуіне байланысты, жоғарыда аталған кемшіліктерді мерзімінде қадағаламағандығы үшін «сөгіс» тәртіптік жазасы берілсін;

7. 07.04.2026 жылғы №19-Ж/Қ-3 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 бабының сәйкес, Қызылорда облысы прокуратурасының 06.03.2026 жылғы №2-10-26-01-421 санды заңдылықты бұзылуын жою туралы ұсынысы негізінде, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-2- бабының, 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін А,Мырзамұратовқа «қатаң сөгіс» түрінде тәртіптік жаза берілді

8. 22.04.2026 жылғы №21-Ж/Қ-3 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 бабына сәйкес, жұмыскердің жоғары оқу орны мен біліктілігінің жүктеме сағат сандарына сәйкес еместігін уақытылы зерделемені үшін кадрлар бөлімінің меңгерушісі А.Амиршееваға «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза берілді

9. 05.06.2026 жылғы №26-Ж/Қ-3 бұйрығына сәйкес ҚР Еңбек кодексінің 64 бабына сәйкес, бекітілген оқу тобының білім алушысының кәсіптік тәжірибеге қатысуын қадағаламай, ескертусіз өзге қалаға кетіп қалғанын білмей өрескел қателік жібергені үшін Ш.Тұрғанбекке «сөгіс» түрінде тәртіптік жаза берілді

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

### Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі»

| Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі                                                        |
|-------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Кәсіпорын директоры                             | Тәртіптік теріс қылықтың түрін анықтау                     | ҚР Конституциясына, ҚР-ның өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сүйене отырып, заңдылықтр қағидаттарын басшылыққа алу, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін бұзуға бастайтын іс-әрекеттерге жол бермеу. Ұйымның және ұжымның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге міндетті. Мәселен, кәсіпорын | Бұндай деректер соңғы 1 жылда орын алмаған. Дегенмен, алдағы уақытта орын алу мүмкіндігі орташа. |

|  |  |                                                                                                                                                                                                                                                |  |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  |  | директорының тәртіптік теріс қылық жасаған сәтте алынбаған тәртіптік жазасы болса, заңнама талаптарына сәйкес қатаң жазалар қолдану көрсетілген. Кәсіпорынның директоры лауазымдық міндетте көрсетілген тараптарын ескере отыра орындауы тиіс. |  |
|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

**Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелері.** «Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында жалпы 3 қызметкер жұмысқа алынды, оның ішінде педагог-оқытушы қызметкер-3. 1-қызметкер өндіріс орынан, 2-қызметкер уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру тәртібімен.

**Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.**

«Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жұмысқа қабылдауды ҚР Еңбек кодексіне және Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығына сәйкес [hr.nobd.edu.kz](http://hr.nobd.edu.kz) және [enbek.kz](http://enbek.kz) платформаларында бос жұмыс орындары бойынша берілген хабарландыруға сәйкес жұмыс іздеушілер өз өтініштерін білдірді. Колледжде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін жұмыс іздеушілерді жұмысқа қабылдау орын алған жоқ.

**Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.** Қызметкерлерді еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметінің №1193 қаулысы негізінде жүзеге асырылады. **Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.** Білім беру ұйымында қызметкерлерге көтермелеу сыйлықақысы тағайындалған жоқ.

**Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.**

Қызметкерлерді атқарған жұмыстарының нәтижесіне сәйкес қалалық, аудандық, облыстық, республикалық алғыс хаттармен марапаттауға ұсынылды.

**IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.** Білім беру ұйымында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

Кәсіпорынның белгілі бір қызметкерлердің өздерінің функционалдық міндеттеріне қосымша компаенс-офицер қызметін жүктеген. Бұл өз ретінде, кәсіпорын қызметкерлері өздерінің еңбек міндеттерін орындау барысында жеке мүделіктің туындауына әкеп соғады. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы компаенс-офицер қызметі штаттық бірлігі қарастырылмағандықтан, мәдениет үйінің мамандарына қосымша міндеттер жүктелуде, осы жағдай мүдделер қақтығысын туғызу ықтимал. Кәсіпорында компаенс-офицер қызметіне штаттық

бірлік берілсе, ашықтылықты, жариялылықты қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық сипатының алдын алуға өз септігін тигізеді.

### **ҰСЫНЫМ:**

- «Қызылорда облысының білім басқармасының Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі КМҚК-на комплаенс-офицер қызметіне 1 штаттық бірлік сұрау мақсатында, «Қызылорда облысының білім басқармасына» ұсыным хат жолдау

### **V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.**

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 15.04.2013 жылғы №88 Заңының талаптарын орындау колледжде көрсетілетін барлық мемлекеттік қызметтерге жауапты қызметкерлер тағайындалған:

#### **Колледжде көрсетілетін барлық мемлекеттік қызметтер**

1. Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру егов арқылы - 0, Цон арқылы – 3
  2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау – 0
  3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру – барлығы 0, Басқа оқу орнына ауысқандар -0, өз еркімен шыққандар- 0, педагогикалық кеңестің хаттама шешіміне сәйкес оқудан шыққандар-3
  4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру – 45
  5. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру – 1
  6. Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы – Басқа оқу орнына ауысқандар-1, басқа оқу орнынан ауысып келуіне байланысты оқуға қабылданғандар-7
  7. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну – 245
  8. Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды беру-174
  9. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу бойынша-5
- Аталған мемлекеттік қызмет түрлері заңдылыққа сәйкес Мемлекеттік корпорация арқылы, Е-gov порталы арқылы, тікелей колледждің SmartNation Gollege платформасында жүргізіледі.
- Аталған мемлекеттік қызмет түрлері заңдылыққа сәйкес Мемлекеттік корпорация арқылы, Е-gov порталы арқылы, тікелей колледждің SmartNation Gollege платформасында жүргізіледі.

### **VI. Рұқсат беру функцияларына іске қосу.**

Кәсіпорында тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

### **VII. Бақылау функцияларына іске қосу.**

Кәсіпорын бақылау функцияларын жүзеге асырылмайды.

### **VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру.**

2025-2026 жылы бөлінген қаржы- 817369740,00, игерілу пайызы – 100 пайыз.

### **IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.**

2026 жылдың қаңтар-маусым айы аралығында 34 келісім шарт жасалған. Кәсіпорын басшысымен-178 бұйрық шығарылды.

#### **X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.**

2021 жылдан бері College SmartNation - техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға және білім беруді бағалауға арналған бірыңғай порталды қолданады. Сонымен қатар enbek.kz., nobd.edu.kz платформаларын және интернет желісінде ақпараттандыру үшін оқу орны бағдарламашысы жасаған shiak.edu.kz ресми-интернет ресурсын пайдаланады.

#### **XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.**

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты.

##### **11.1. Жалпы құжат айналымы**

2026 жылдың қаңтар – маусым айлары аралығында жеке және заңды тұлғалардан-12 өтініш түскен оларға уақытылы жауап берілген.

##### **11.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша:**

1.Шиелі индустриалды –агралық колледжінің әкімшілік басқару персанол қызметкерлерінің жеке қабылдау күндері мен уақыттарының кестесі бекітілген.

2.Колледж ғираттарында бейнебақылау камералары орнатылып толық жұмыс жасайды.

3.Арыз-шағым жәшіктері орнатылған, жәшіктерді ашуға арнайы комиссия құрамы құрылып жұмыс жасайды.

4.Колледждің жұмыскерлерінің арасында жиналыстар өткізіліп, Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу шаралары жайлы түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады.

5.Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мақсатында, студенттер арасынан Саналы ұрпақ,Сыр жалыны дебаттық клубтары жұмыс жасайды.

6.Адалдық алаңы, таза секция жұмыстары ұйымдастырылып тұрады, әр саладағы мамандармен кездесулер, әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілуде.

7.Жалпы колледжшілік ата-аналар жиналысында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында толық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді.

##### **2026 жылдың қаңтар-маусым айлары бойынша:**

Мекемеде атқарып келген қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған.

Талдау нәтижесінде Кәсіпорын қызметінде қолданылатын нормативтік-құқықтық актілерде және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын сәйкестіктерді жою бойынша:

#### **ҰСЫНЫМДАР:**

1.1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша:

1.2. «Қызылорда облысының білім басқармасына»:

Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі КМҚК-на ашықтылықты, жариялылықты камтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық сипатының алдын алуға өз септігін тигізу мақсатында, мүдделер қақтығысын болдырмауға және кез келген сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін комплаенс-офицер қызметкеріне 1 штаттық бірлік беруге ұсыным хат жолдауды.

**Комплаенс-офицері**




**К.Мұхамедхалилов**

*Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:*

**Колледж директоры**



**Б.Сүлейменов**

«БЕКІТЕМІН»  
Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі  
коммуналдық қазыналық кәсіпорын  
директоры  Б.Сүлейменов

«30» маусым 2026 жыл

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған  
сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен  
жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі КМҚК**

| №  | Ұсыным                                                                                                                             | Іс-шара                              | Іс-шараны аяқтаунысаны                             | Орындаушылар | Іс-шараны орындау мерзімі |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------------------------|--------------|---------------------------|
| 1. | Ұсыным беру мәселесін қарастыру Кәсіпорынға 1 бірлік ретінде комплаенс қызметкерін қарастыру туралы қандай мекемеге мәселе көтеру. | Тиісті ұсыныс хаттың жобасын әзірлеу | Қызылорда облысының білім басқармасы на хат жолдау | Б.Сүлейменов | 1 жыл ішінде              |

# Шиелі индустриалды-аграрлық колледжі КМҚК

| Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне шалдыққан лауазым | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейі                                                        |
|-------------------------------------------------|------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Кәсіпорын директоры                             | Тәртіптік теріс қылықтың түрін анықтау                     | <p>ҚР Конституциясына, ҚР-ның өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сүйене отырып, заңдылықтр қағидаттарын басшылыққа алу, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін бұзуға бастайтын іс-әрекеттерге жол бермеу. Ұйымның және ұжымның беделін түсіретін іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге міндетті.</p> <p>Мәселен, кәсіпорын директорының тәртіптік теріс қылық жасаған сәтте алынбаған тәртіптік жазасы болса, заңнама талаптарына сәйкес қатаң жазалар қолдану көрсетілген.</p> <p>Кәсіпорынның директоры лауазымдық міндетте көрсетілген тараптарын ескере отыра орындауы тиіс.</p> | Бұндай деректер соңғы 1 жылда орын алмаған. Дегенмен, алдағы уақытта орын алу мүмкіндігі жоғары. |